

ОӘК 376017

3. АХМЕТОВ ЗЕРТТЕУІНДЕГІ АБАЙ ӘЛЕМІ

Еслям Ақгүл

Akgul_15@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Қ.Қ.Алпысбаев

Кіріспе. Зәки Ахметов – қазақ ғылымының көсегесін көгерткен шоқтығы биік, бірегей тұлға. 1951 жылы КСРО Ғылым Академиясының Ленинград қаласындағы Шығыстану институтының ғылыми кеңесінде зерттелген еңбегі – «Лермонтов және Абай» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғап шыққанда жас қазақ ғалымы небәрі жиырма үш жаста екен. Аса ірі қоғам қайраткері, биік парасат иесі З.Ахметовтің жұлдызды ғұмыр жолы осылай басталып, туған елінің рухани гүлденуіне, ұлттық мәдениет пен әдебиеттің дамуына бар күшін жұмсады. Әдебиеттің талай-талай жарқын тұлғаларына жол ашып, тәрбиелеп шығарған, әлемге аты кеңінен мәлім Шығыстану институтының түлегі.

З.Ахметов – әдебиет теориясы мен тарихы саласында іргелі зерттеу жазып қалдырған, қазақ ғылымын дамытқан дарын иесі. «Лермонтов және Абай», «Қазақ өлеңінің құрылысы», «Қазақ поэзиясының тілі», «Өлең сөздің теориясы», «Қазақ әдебиетінің қазіргі дамуы және дәстүрі», «Абай жолы» эпопеясының поэтикасы», «Абайдың ақындық әлемі», тағы басқа ғылыми зерттеулері мен монографиялары қазақ әдебиетімен бірге жасайтын бірегей бітімді туындылар.

Қазақ елі тәуелсіздік жолына түскен соңғы онжылдық ішінде дәстүрлі академиялық ғылым жолында аса ірі тұлғаға айналған ғалымның талант қырлары бұрынғыдан да жарқырай ашылды. Ұлттық ғылым мәртебесі үшін құлшына қызмет істеген ғалым Алаш ардагерлерінің әдебиеті, Абай мен Шәкәрім мұралары, қазақ әдебиетінің теориясы жайлы терең тебіреністі, алтын сүйекті зерттеулер жасады. Ұлттық ғылым мен ұлттық тәуелсіздіктің еліміздің қос қанаты іспетті екендігі академик З.Ахметовтің осы кезеңдегі еңбектерінен анық байқалады.

Зерттеудің мақсаты мен міндеті. Ұлттық поэтиканың, стилистиканың, риториканың майталман зерттеушісі З.Ахметов өз еңбегінде Абай шығармаларының адамзаттың рухани-көркемдік тәжірибелерімен, әрі болашақ замана белестерімен дәнекерлікте байланыстырады. Және де әрбір туындының сұлулық табиғатын басқа шығармалармен сабақтастыра, жалғастыра, тұтастықта қарастырып отырады. Яғни тарихи принципті мықтап ұстанады [1, 2].

Ең алдымен, Абайтану ғылымының тарихнамасына назар аударады. Оның бастауында тұрған Ә.Бөкейхан мен А.Байтұрсынұлының, Ж. М.Әуезовтің, К.Ысқақұлы мен І.Жансүгіровтың және т.б. ой-пікірлеріне жүгінеді. Кәкітай Ысқақұлы мен Ілияс

Жансүгіровтың және т.б. пікірлеріне жүгінеді. Әсіресе, З.Ахметовтің Абай реализмі хақындағы ой-толғаныстарының орны бөлек. Сондықтан да ғалымның осынау пікіріне құлақ түрейік: «Абай реализмінің көркемдік әдіс ретіндегі ең басты өзгешеліктері, алдымен, айналадағы өмірді, болмысты, қоғамдық құбылыстарды мейлінше кең қамтып, нақтылы бейнелеу, ел тағдырының өміріне қатысты ең маңызды әлеуметтік мәселелерді халықтық мүдде, озат арман-мақсаттар тұрғысынан толғай білу дейміз. Яғни көркемдік, шыншылдық, шынайылық, әдебиеттегі халықтық принциппен, озат идеялылықпен ұштасып келетінін атап айтамыз» [1, 2].

Аспирант З.Ахметовтің алғашқы күрделі зерттеу мақалалары 1949 жылы Ленинград университетінің ғылыми жаршысында жарық көрген «Пушкин мен Абай», сол жылы Қазақстанның Ғылым академиясының жаршысында жарық көрген «Абайдың Лермонтовтан аудармалары туралы жаңалық» атты талдаулары. Екі зерттеу де Абай шығармалары Петербургте кітап болып жарық көргеннен кейін 40 жылдан кейін жазылған. Сол кезден басталған Абайдың көркемдік рухы, танымдық даналығы туралы зерделі зерттеу жолы оның соңғы жылдары жарық көрген «Абай және әлем әдебиеті» туралы еңбектеріне дейінгі дәстүрлі желіге ұласады. Оның ішінде 1994 жылы Абай және қазіргі заман атты жинақта жарық көрген Абай сөзін сынаушылар хатында жазған толғамдарын да бөле-жара атаған жөн. Бұл талдау мақала ғалымның Абайтану саласындағы өзіндік пікірі, толысып кемеліне келген кездегі тұжырымды толғамы [2, 31].

Мәселенің талқылануы. Ғалым А.Егеубаев З.Ахметовтің Абайтану саласындағы ғылыми ізденістерін 4 арнаға бөліп қарастырады. Ең алдымен, Абайдың орыс әдебиеті классиктерінен аудармалары, сонымен бірге Абайдың аудармашылық мектебінің өзіндік ерекшеліктері, қазақ өлеңін осы бағытта байытып дамытуы жөніндегі зерттеулер. Екіншісі, әрине, Абайдың ақындық әлемі. Үшіншісі, Абай шығармаларының текстологиясы. Төртіншіден, Абай сыншыларының сындарына көзқарасы. З.Ахметовтің еңбектерінде осы төрт ғылыми мәселенің қай-қайсысы да зерттеушінің өзіне тән байсалды да парасатты, ғылыми дәйектілікті әманда қалт жібермейтін біліктілігімен, жоғары мәдениетімен байыпты сарапталады [2, 31].

Абай шығармаларын текстологиялық тұрғыдан қарастыру – үлкен батылдықты қажет еткен көкейтесті мәселелердің бірі болды. Қазақ ғылымында бұл ауыр жүкті Ә.Марғұлан, Ә.Жиреншин, Қ.Өмірәлиев, М.Бөжеев, Х.Сүйіншәлиев, Ы.Дүйсенбаев, З.Ахметов, М.Мырзахметов, Б.Жақыпбаев, Т.Әбдірахмановалар болды.

З.Ахметов Абайдың «Толық шығармалар жинағының» әр жылдардағы төрт басылымның (1954, 1957, 1970, 1995) дайындап, құрастырушылардың және түсінік авторларының бірі ретінде қатысты. 1954, 1957 жылғы жинақтарды шығару үстінде ұлы зерттеуші М.Әуезовпен әріптес ретінде қызмет атқарды. Сонымен қатар, академик ғалым Абай шығармаларының өзге тілде жарық көрген басылымдарының да алғысөзін жазып, әрі құрастырушысы да болды. Санамалап айтсақ, 1970 жылғы белорус, армян, молдаван тіліндегі жинақтарды текстологиялық тұрғыдан сұрыптап құрастырушы болды [3, 269].

З.Ахметов Абай шығармаларының текстологиясы туралы алғаш рет өзінің батыл да өрісті ізденістерімен ғылыми жұртшылықтың назарын 1949 жылы «Новое о переводах Абая из Лермонтова» (1) деген мақаласымен аударып, 1951 жылы «Абай и Лермонтов» (2) деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғайды. Мұнда алғаш рет Абай аудармаларының өрісі нақты сипатталады, белгісіз болып келген түпнұсқалары айқындалып, орнықты талданады. Зерттеуші мұнда өзіне дейін пікір таласын тудырып келген кейбір аудармаларды анықтаумен бірге Абай Лермонтовтан аударды деген үш өлеңнің Лермонтовтыкі емес, басқа орыс ақындарынан аударылғанын анықтап, өз тарапынан соны пікірлер айтты. Сөйтп, «Қалқам-ай, мен үндемей жүремін көп», «Жүректе көп қазына бар бәрі жақсы», «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» деген Абай аудармаларының Лермонтовтан емес, «Жүректе көп қазына бар бәрі жақсы» Я.П.Полонскийден екенін, «Қалқам-ай, мен үндемей жүремін көп» «И ты думаешь будто я хладен и нем» деген өлеңнің авторының белгісіздігін, ал «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» деген

аударманың орысша текстiнiң В.А.Крыловтыкi, ал түпкi нұсқасы немiс ақыны Р.Левенштейндiкi екенiн орыс әдебиетiнiң тарихын зерттей отырып ғалымға тән алғыр iздемпаздықпен дәлелдейдi [3, 270].

Талдау мен нәтижелерi. Абайдың қазақ поэзиясына тыңнан қосқан өлең өрнектерiнiң iшiндегi ең күрделi және келiстi жасалғаны - «Сегiз аяқ».

«Алыстан сермеп,
Жүректен тербеп,
Шымырлап бойға жайылған,
Қиуадан шауып,
Қисынын тауып,
Тағыны жетiп қайырған,
Толғауы тоқсан, қызыл тiл,
Сөйлеймiн десең өзiң бiл...»

Осы келтiрiлген шумақта 5 буынды тармақтар мен 8 буынды тармақтар белгiлi ретпен кезектесiп келiп отыратынын көреміз. Бiрақ басқа шумақтарда 8 буынды тармақтың орнына 7 буынды тармақ түсуi де ықтимал. Бунақ кестесi 3 буын + 2 буын + 3 буын болып келетiн 8 буынды тармақпен бунақ ернегi 4 буын + 3 буын болып келетiн 7 буынды тармақ жыр өлшемiнде де, шумақты өлеңдерде де еркiн алмасып түсе беретiнi белгiлi. Ал «Сегiз аяқтағы» 7, 8 буынды тармақтардың бунақтық кестесi де дәл осындай. Мысалы, жырда:

«Атаңның аты кiм болар.

Атаңның аты кiм болар?

Айтып кеткiн қарағым,

Қандай жаман күн болар...»

Мұнда алғашқы 2 тармақ 2 буын + 2 буын + 3 буын болып құралса, соңғы 2 тармақ 4 буын + 3 буын болып келедi. «Сегiз аяқта»:

«Толғауы (тоқсан), қызыл тiл,

Сөйлеймiн (десең) өзiң бiл...»

Немесее:

«Бойда қайрат, ойда көз,

Болмаған соң айтпа сөз...»

Мұнда да бастапқы 2 тармақтың кестесi 3 буын + 2 буын + 3 буын болса, кейiнгi 2 тармақтың құрылысы 4 буын + 3 буын болып келедi. Ендi 7, 8 буынды тармақтардың 5 буынды қысқы тармақтармен алмасуына келсек, бұл өлеңнiң ырғағын түрлендiре түседi. Бұл жерде бiз 2 қысқа тармақтың бiр олардан ұзынырақ тармақпен қосылып, үшеуден топтасатынын ескеруiмiз керек. Және 2 қысқа тармақтың өзара жанасуы, жымдасуы олардың өзiнен ұзынырақ тармақпен жанасып бiрiгуiне қарағанда әлдеқайда күштiрек болатынын түсiну киын емес. Сондықтан шумақтың ырғақтық құрылысы жағынан қарағанда 2 қысқа тармақпен 1 ұзын тармақ қатарласып (қарсы келiп) теңдесу ыңғайы да сезiледi. Оған қосымша себеп – бұл 3 тармақ шумақтың жеке 1 бөлшегiн құрайтындықтан, соңғы 8 (не 7) буынды тармақтан кейiн дауыс толқынында айқын кiдiрiс болады. Сонымен бiрге, 5 буынды 2 тармақтың 8 буынды тармақпен қосылып келетiн көзiн алсақ, шумақтың осы бөлшегiн ырғақтың ерекшелiгi жағынан басқаша қарастырып, түсiнудiң де ретi бар [4,209].

«Зәки Ахметов ғылымға өзiн бiрден таныта келдi, әрi өте жас келдi. Ол Ленинградтағы Шығыстану институтының аспирантурасында оқып, 1951 жылы небәрi 23 жасында «Лермонтов и Абай» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын сәттi қорғап шығады. «Ғылым кандидаты атанған ол әдебиеттану саласында талмай жарты ғасырдан астам еңбек етiп, оннан астам жеке монография, 20 шақты ұжымдық кiтап, 400-ге жуық мақала жазыпты. Оларды сала-саламен айтар болсақ, фольклор, әдебиет тарихы, әдебиет теориясы, әдеби байланыстар, текстология және аударма болып бөлiнедi», – дейдi академик С. Қасқабасов [5,16].

Ғылымдағы жолын ұлы Абайды зерттеуден бастап, өмірінің соңына дейін кемеңгер ақынмен бірге бүкіл өмірін де, өнерін де, өзі де рухани тұтасып кеткен ғалымның әрбір ілімі – жастар үшін өшпес үлгі-өнеге. Жетпіс бес жасқа сәл ғана жетіңкіремей қалған ғұмырында ол көп іс тындырып үлгерген, құдай берген табиғи талантын тынымсыз еңбегі арқылы жетілдіріп, халық игілігіне қызмететуге бағыттай білген адам.

Жарты ғасыр ғұмырын арнаған Абай тақырыбы – ғалымның жүрегінің қызуы, жігерінің қуаты болды. Академик С. Қасқабасовтың сөзіне ден қойсақ: «Сонау 1951 жылы жазылған «Лермонтов и Абай» атты еңбегінен басталған Абайға деген құштарлық 1995 жылы «Абайдың ақындық әлемі» атты монографияны дүниеге әкелді. Сол жылы жарық көрген «Абай» энциклопедиясына да басты-басты мақалаларды Зәки Ахметов жазды. Ұзақ жылғы абайтануға арналған еңбегі үлкен абырой әперді, Зәкең Мемлекеттік сыйлыққа ие болды», – дейді [6,5].

Қорытынды. 3. Ахметов Абай шығармашылығын тұтас қарастырып, толық әрі жан-жақты зерттеп жұртшылыққа ұлағат етті. Ақынның өлеңдері, қарасөздері, поэмалары мен аудармаларына ғылыми сипаттама жасап, оқырманды Абайдың ақындық әлеміне үңілтті. Абай шығармаларының қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихында өзінше бөлек, өрісі аса биік, мүлде жаңа ой-пікір, көркем сезім әлемі екенін түсіндірді. «Абайдың ақындық әлемі» атты еңбегінде ақын лирикасын тақырып-тақырыпқа қарай бөліп, өлеңдерінің ішкі мазмұнын ашып жіктеді. Зәки Ахметов өзінің көп жылғы ғылыми-шығармашылық қажырлы еңбек жолында Абай даналығын оқырман жүрегіне жеткізіп, зерттеп жазумен қатар, Абай мұрасын талмай оқытып, шәкірттерінің санасына сіңіріп, ақын тағылымын жас ұрпаққа үлгі етті және сол сара жолды нұсқады.

Абайтану саласында Зәки Ахметов текстологиялық та, теориялық та жұмыстар жазып, Мұхтар Әуезовпен бірлесіп, ұлы ақын шығармаларының канондық мәтінін 2 том етіп 1957 ж. жарыққа шығарды. Содан бері қарай ғалым әр жылдары шыққан Абай мұрасының академиялық басылымдарындайрауға қатысып, тікелей басшылық жасады. Абай шығармаларының жинақтарын құрастырып, ғылыми түсініктерін жазды. Еліміздегі тұлғалық ірі еңбек «Абай энциклопедиясының» редакциялық алқасын басқарды. Ол «Абай» энциклопедиясының ең белсенді авторы болып, осы еңбектің көптеген мақаласын жазды. Ұзақ жылғы абайтануға арналған еңбегі үшін ғалым 1996 ж. Мемлекеттік сыйлыққа ие болды.

3. Ахметовтің Абай мұрасы мен Әуезовтің шығармашылығына арналған зерттеулері – ұлттық әдебиеттанудағы теңдесі жоқ іргелі ғылыми еңбектер болып табылады. Себебі, Абайдың ақындық, ойшылдық дарынымен Әуезовтің жазушылық шеберлігін зерттеу барысында ғалым екі ғұламаның қазақ әдебиетіндегі орнын жан-жақты дәлелдеп берді. Әсіресе Абайдың Әуезовке тигізген әсері, рухани сабақтастыққа байланысты келелі ойлары Абай мен Әуезов үндестігі мәселесіне негізгі тірек болды. Бұл ретте З. Ахметов: «М. Әуезов және Абайтану проблемалары» арнайы да кең түрде зерттеуге тұрарлық, өйткені Абай тақырыбы Әуезов шығармашылығында басты орын алғаны белгілі ғой», – деп арнайы атап көрсеткен болатын [7,3].

Қорыта айтқанда, академик Зәки Ахметов ұлы Абайдың ақындық даналығы мен даралығын сонау 1949 жылдан бері қажырлылықпен шұғылданып, зерттеген-ді. Ұлттық поэзия табиғатын, оның ереже-қисындарын, қағидаларын және тарихын жетік, зерек түсінген әрі білім-ғылыммен мұздай қаруланған З. Ахметовтің «Абайдың ақындық әлемі» дейтін күрделі монографиясын ойлы, мағыналы қорытындылармен, сөз сұлулығы жайлы әсем талдаулармен ерекшеленетін абайтану ілімі тарихындағы елеулі еңбек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Негимов С. «Академик З. Ахметов – абайтанушы» – Астана: ЕҰУ хабаршысы, 2016. – 102-105 б.
2. Егеубаев А. «Абай мектебінің академигі» // Академик Зәки Ахметов және руханият мәселелері: «Академик З. Ахметовтің ғылыми мұрасы және қазақ әдебиеттану мәселелері»

- атты республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары, зерттеулер мақалалар, өлеңдер. – Алматы: «Үш қиян» баспасы, 2003. 31-37б.
3. Әділова Ш. «З.Ахметов – Абай шығармаларының текстологы» // «Академик З.Ахметовтің ғылыми мұрасы және қазақ әдебиеттану мәселелері» атты респуб. ғыл.-теор. конф. матер. –Алматы: Үш Қиян, 2003. – 269-274б.
4. Ахметов З. «Абайдың ақындық әлемі» – Алматы: Ана тілі, 1995. – 208-223б.
5. Қасқабасов С. «Зәки Ахметов – аса көрнекті әдебиеттанушы-ғалым» // Академик Зәки Ахметов және руханият мәселелері: «Академик З.Ахметовтің ғылыми мұрасы және қазақ әдебиеттану мәселелері» атты республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары, зерттеулер мақалалар, өлеңдер. – Алматы: «Үш қиян» баспасы, 2003. 183-189б.
6. Қасқабасов С. Алғы сөз / С. Қасқабасов // Академик Зәки Ахметов және руханият мәселелері: «Академик З. Ахметовтің ғылыми мұрасы және қазақ әдебиеттану мәселелері» атты респуб. ғыл.-теор. конф. матер. – Алматы: Үш Қиян, 2003. – 3-5б.
7. Ахметов З. «Абай және Әуезов» /З.Ахметов // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1995.– №4. 23-28б.